



Жаңа жыл, жаңа күн!

22 наурыз – Ұлыстың ұлы күніне арналған мерекелік іс-шара университет алаңында ұйымдастырылды. «Наурыз-думан» атты шараға басқарма төрағасы-ректор Асқар Наметов, БҚО әкімінің орынбасары Қайыржан Меңдіғалиев және ардагер ғалым-ұстаздар қатысты.



Мерекелік шара жаңару мен жасампаздықтың, ырыс пен берекенің мәні айшықталған Қыдыр ата мен Жерана туралы қойылыммен басталды. Ақ жаулықты аналар шашу шашып, көпшілікке ерекше көңіл күй сыйлады.

Алдымен құттықтау сөз алған Жәңгір хан университетінің басқарма төрағасы-ректор Асқар Мырзахметұлы профессор-оқытушылар құрамы мен студенттерді, шақырулы қонақтарды Наурыз мейрамымен және Ораза айт мерекесімен құттықтады. – Тарихы тереңнен тамыр тартқан ұлттық мерекеміз – қай

кезеңде де елдік пен бірліктің бастауы болып қала бермек. Наурыз – жаңару мен жаңғырудың, бірлік пен татулықтың, ырыс пен берекенің мейрамы. Университетімізде «Наурызнама» онкүндігі аясында мазмұнды әрі тағылымды іс-шаралар ұйымдастырылды. Мұның барлығы – жастардың жарқын болашағы үшін, – деді жоғары оқу орнының басшысы.

Ал облыс әкімінің орынбасары Қайыржан Ермекұлы елімізде 2024 жылы «Наурызнама» тұжырымдамасы қабылданып, соның аясындағы онкүндіктің атаулы күндермен жалғасып

келе жатқанын айтып: – Бүгін – ұлттық спорт күні. Осыған байланысты сіздерді өз Наурыз мерекесімен және ұлттық спорт күнімен құттықтаймын. Наурыз – ата-бабамыздан бізге мұра болып қалған салт-дәстүрімізді ұлықтап, ұлттық құндылықтарымызды жаңғыртатын ерекше күн. Сонымен қатар биыл Наурыз мерекесі қарсаңында ел тарихында айрықша өзгеріс орын алып, жаңа Конституция қабылданды, – деді. Бұдан соң өңір басшысының орынбасары қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысып жүрген университет қызметкерлерін облыс әкімінің алғыс хаттарымен марапаттады.

Мерекелік шарада университеттің өнерлі жастары халық әндері мен күйлерін, ұлттық билерді орындап, жылылыққа толы мейрамның мәнін арттырды. Шара барысындағы ұлттық киім-



дер шеруінде тарих пен дәстүр заманауи сәнмен үйлесім тауып, көрерменнің қошеметіне бөленді.



Ең нәзік мереке...

Көктемнің ең нәзік мерекесі – халықаралық әйелдер күні. Осы керемет мейрамда Жәңгір хан университетінде «Гүл сыйлайық әйелге!» атты салтанатты іс-шара өтті.

Жоғары оқу орнындағы нәзік жандардың құрметіне орайластырылған салтанатты жиында университеттің басқарма төрағасы-ректор Асқар Наметов ұжымдағы қыз-келіншектерді, аруларды

төл мерекелерімен құттықтап, олардың оқу орнының гүлденуіне, ғылыми әлеуетінің өркендеуіне, білім-ғылым саласының дамуына қосқан үлестері зор екенін атап өтті.

Кеш барысында білім ордасының дамуына, кәсіби мамандар даярлау ісіне атсалысып жүрген бір топ мереке иелері марапатталды. Доцент, физика-математика ғылымдарының кандидаты Шолпан Махмудова ҚР Ауыл шаруашылығы



министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталса, «Парасат» ақпараттық білім беру орталығының директоры лауазымын абыроймен атқарып зейнеткерлік демалысқа шыққан Айгүл Есенаманова ЖОО қауымдастығының «Жоғары кәсіптік білім беру саласындағы үздік менеджер» төсбелгісіне ие болды. Сонымен қатар бір топ ғалым-ұстаздар мен қызметкерлер облыс және қала әкімінің алғыс хаттарын, университет ректорының

алғыс хаттарын және Құрмет грамотасын иеленді.

Салтанатты жиын ұжымның ер-азаматтарының күшімен дайындалған концерттік бағдарламамен жалғасты. Жігіттер аға буын өкілдеріне кеңінен таныс «Ялла» тобына пародия жасап, көрерменге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Өзге де шығармашылық ұжымдар мен өнерлі ер-азаматтар мерекелік лебіздерін әсем ән-бимен жеткізді.

Ескі суреттің тарихы

13 наурызды бұрыннан «ескіше жаңа жыл» деп айтатын еді. 1950 жылдары қалай тойланғанын білмеймін, біз ол кезде әлі бала едік. Сол жылдары есімде қалғаны, әжемиз ауылдағы бірқатар үлкендердің есімін атап, соларға көрісіп қайт деп жіберетін еді. Біз барып көрісіп келетінбіз.

1960-80 жылдарда да Наурыз мейрамы ашық түрде тойланған жоқ. Бұл аралықта мен мектепте оқып, кейін жоғары оқу орнына түсіп студент атандым. Одан беріректе осы университетке жұмысқа орналасқан едім. Жуырда мен отбасылық фотоальбомнан Наурыз мейрамында түсірілген ескі суретті тауып алдым. Сурет 1990 жылдардың соңы мен 2000 жылдардың басында түсірілген болса керек. Онда да ұлттық мерекемізді жұпыны, қарапайым түрде атап өткеніміз байқалады. Қазіргі



Политехникалық институттағы 128-аудитория бұрын ағаш шеберханасы болатын. Кафедрамыздағы үстелдің аяқтарын кесіп, бетін дөңгелектеп, жер үстел жасап қойыппыз. Ар жағымызда киіз үйдің

қабырғасы қойылған. Суретте менің жанымда университетте әлі де еңбек етіп жүрген әріптесім Алтынбек Давлетъяров мен марқұм Борис Махметұлы бар.

Бұл – біздің өз бастамамызбен

бұрынғы Ауыл шаруашылығын механикаландыру факультетінде атап өткен алғашқы Наурыз мейрамымыз. Бізді студент жастар да қолдап, көмек көрсеткен болатын.

Ал қазіргі уақытта Ұлыстың ұлы күні батыс өңірде ғана емес, еліміз бойынша кең ауқымда тойланады. Ұлттық мерекенің осылай ұлықталып жүргеніне қуанамын. Университетімізде әр институтта мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылады. Жастар үлкендерге келіп көрісіп, батасын алады. Адамдар бір-біріне жақсы тілектерін айтып жатады. Осындай халықты бірлікке, ауызбіршілікке үндейтін ұлы мерекеміз құтты болсын!

Ермек АЙТАЛИЕВ,
Политехникалық институттың профессоры, техника ғылымдарының докторы

Отандық ғылымда орны бар Алтынай

Ел болашағы – білімді ұрпақтың қолында десек, оларды тәрбиелеп, ғылымның биік шыңына жетелейтін оқытушылардың еңбегі ерен. Солардың бірі – Индустриалды-технологиялық институты доцентінің міндетін атқарушы, PhD докторы Алтынай Шингужиева.



Алтынай Бақытжанқызының ғылым мен білім саласындағы жолы 2001 жылы БҚАТУ-ға түсуден басталды. «Газ-мұнай құбырлары мен газ-мұнай сақтау қоймаларын жобалау, салу және пайдалану» мамандығы бойынша инженерлік бағытта білім алып, 2006 жылы оқу орнын сәтті тәмамдады. Диплом алған жылы-ақ өзі білім алған университетінде оқытушылық қызметке араласуы – оның өз тағдырын ғылым мен білімге байлағанын аңғартты. Алайда жас маман мұнымен шектелмей, 2009-2012 жылдары «Құрылыс» мамандығы бойынша магистратурада оқып, ғылыми-зерттеу жұмыстарына алғашқы қадамын жасады. Оның ғылыми жетекшісі – техника ғылымдарының докторы, профессор С.Монтаев. Ұстаз бен шәкірт арасындағы ғылыми байланыс кейіпкеріміздің ғылыми көзқарасының қалыптасуына зор ықпал етті.

2014-2017 жылдары докторантурада оқып, «Құрылыс материалдарын өндіру» мамандығы бойынша терең зерттеулер жүргізді. 2018 жылы диссертациясын сәтті қорғап, PhD дәрежесін алды. Оның ғылыми еңбектерінің негізгі бағыты – табиғи және техногендік ресурстарды пайдалана отырып, композициялық материалдарды әзірлеу.

Алтынай Бақытжанқызының ғылыми зерттеулері тек теориялық деңгейде қалмай, нақты өндірісте өз қолданысын тапты. Оның жетекшілігімен жасалған бірқатар технологиялар өндіріске енгізілді. Соның ішінде мұнай шламдарын қосу арқылы лесс тәрізді саздақ негізінде керамзит алу технологиясы бойынша инновациялық әзірлемесі «Стройкомбинат» ЖШС-да өндіріске енгізіліп, экологиялық және экономикалық тиімділігімен ерекшеленді.

Ғалым әр жылдары түрлі ғылыми

жобаларға, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясындағы ауқымды жобаларға қатысып, отандық ғылымның дамуына өзіндік үлес қосты. Алтынай Бақытжанқызы – ғалым ғана емес, тамаша ұйымдастырушы. Әр жылдары институттың оқу-әдістемелік бюросының, кафедраның әдістемелік семинарының, білім сапасын қамтамасыз ету комитетінің төрайымы қызметтерін абыройлы атқарды. «Құрылыс материалдарын өндіру» БББ бойынша бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлерінде ұйымдастырушылық жұмыстарға белсене араласты. 2025-2026 оқу жылынан бастап «Құрылыс» және «Құрылыс материалдарын өндіру» бакалавриат бағдарламаларына жетекшілік етуде.

50-ден астам оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектердің авторы. Бұл еңбектер студенттер мен магистранттардың білім алуына, жас ғалымдардың ізденісіне зор үлес қосуда. Алтынай Бақытжанқызы отбасында асыл жар, аяулы ана. Жұбайының қолдауы мен отбасының түсіністігі Алтынай Бақытжанқызына ғылым мен білімнің қиын да қызықты жолында табандылықпен еңбек етуге күш-қуат береді.

Жадыра ТАСАНОВА
Индустриалды-технологиялық институты директорының орынбасары, аға оқытушы, магистр

Тұңғыш әйел академиктің атындағы марапат берілді

Жәңгір хан университетінің ғалымы Индира Бейшова академик Найля Базанова атындағы марапатқа ие болды.

Бұл марапат университетіміздегі Ғылым және технологияларды коммерцияландыру департаментінің директоры, биология ғылымдарының докторы, профессор Индира Салтанқызына 8 наурыз мерекесі қарсаңында Алматыдағы Ғылым ордасында өткен салтанатты жиында табысталды. Ғылымдағы әйелдерге құрмет көрсетілген жиынды ҚР Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясы ұйымдастырды. Аталған марапат ғылымдағы әйелдердің еңбегін насихаттап, отандық ғылымның дамуына жаңа серпін бермек.

Еске сала кетсек, Н. Базанова — Қазақстан мен Орталық Азиядағы тұңғыш әйел академик. Ол ауыл шаруашылығы



жануарлары физиологиясы ғылымының негізін қалаушылардың бірі. Ғылым ірі қара малдың ас қорыту ерекшеліктерін зерттеп, жануарлар физиологиясы саласының дамуына зор үлес қосты.

Мерекелік лебіз

Мерекелік лебіз
Құрметті Ару Аналар!
Көктемде күнді жайнатқан,
Тоңғанға шуақ таратқан.
Құтты болсын мереке,
Жылдағы салтпен тойлатқан.

Қолымен бесік тербеткен,
Ұрпаққа білім үйреткен.
Ханымдар мен арулар,
Құтты болсын мереке,
Құттықтау лебіз арнатқан.

Саналы ұрпақ өссін деп,
Мамандық алып шықсын деп,
Ой-өрісін кеңейткен.
Ұстаздықпен танылған,
Құрметті Ару аналар,
Құтты болсын мейрамың!

Ақынға шабыт келтірген,
Күмбір күймен тербеткен,
Ән салдырған шарасыз,
Бұл не қылған керемет.
Гүлзарын бақтың жайнатқан,
Бұлбұлдарын сайратқан,
Не деген ғажап құдірет.



Құтты болсын мереке,
Құрметті ару ханымдар!

Құрметті ару ханымдар,
Қара бұлтты сейілткен.
Шуағын күннің себелеп,
Нәрін шашқан табиғат.
Жемісі болсын жұмыстың,
Табысы болсын еңбектің.
Құтты болсын мереке,
Құрметті ару ханымдар!

Болат БЕКТАСОВ,
Политехникалық институтының аға оқытушысы

Ғылым мен қоғамға қызмет еткен тұлға

Ақ Жайық өңірінде ғылым мен білім саласының дамуына елеулі үлес қосып жүрген білікті мамандардың бірі – физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Шолпан Махмудова. Ол өзінің көпжылдық еңбегі арқылы ұстаздық пен қоғамдық қызметті ұштастырып келеді.

Алғашқы еңбек жолын ауыл мектебінде математика пәнінің мұғалімі болып бастаған жас ұстаз сол кезден-ақ білімге деген жауапкершілігімен, шәкірт тәрбиесіне деген жанашырлығымен ерекшеленді. Ал 1979 жылы бұрынғы Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының «Жоғары математика» кафедрасына оқытушы болып қабылданған Шолпан Жұматайқызы осы оқу орнында еңбек ете жүріп, ғылыми ізденістерін жалғастырып, кәсіби шеберлігін шыңдады.

1984-1989 жылдары Мәскеудегі КСРО Ғылым академиясының есептеу орталығында тағылымдамадан өтті. Ғылыми ізденістерінің нәтижесінде 1989



жылы «N тұлғалардың дифференциалдық ойындарындағы тепе-теңдік жағдайлары және олардың аналитикалық механика принциптерімен байланысы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, «Математикалық кибернетика» мамандығы бойынша физика-математика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды. Кейін институттың «Жоғары математика» кафедрасында оқытушы, аға оқытушы

қызметтерін атқарды. 1993 жылы «Математика» мамандығы бойынша доцент ғылыми атағын алған ғалым-ұстаз – 30-дан астам ғылыми мақала мен оқу құралының авторы. Оның еңбектері математика мен математикалық модельдеу саласындағы зерттеулердің дамуына өз үлесін косты.

Қоғамдық жұмыстарда да белсенді кейіпкеріміз ұзақ жылдар бойы оқытушылық қызметін «Шағын бизнес орталығы» коммерциялық емес қауымдастығындағы жұмысымен қатар алып жүріп, кәсіпкерлік пен экономиканы дамыту бағытындағы халықаралық семинарларға қатысты. АҚШ-тың Ұлттық экономикалық білім беру кеңесінің бағдарламасы бойынша Канзас университетінде тағылымдамадан өтті. Германия, Қытай, АҚШ және басқа да елдерде болып, халықаралық ұйымдардың тәжірибесімен танысты. Сонымен қатар Шолпан Жұматайқызы ҚР Үкіметі жанындағы Кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі кеңестің, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық

жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі. Орал қаласы әкімдігі жанындағы қоғамдық кеңесте, Батыс Қазақстан облысы әкімдігі жанындағы өңірлік үйлестіру кеңесінде және басқа да консультативтік органдарда белсенді қоғамдық жұмыс атқарып келеді.

Осылайша ел дамуына қосқан еңбегі елеусіз қалмай, әр жылдары «Ерен еңбегі үшін», «Іске адалдығы үшін» медальдарымен, ҚР АШМ Құрмет грамотасымен, «Атамекен» ҰКП-ның марапаттарымен және басқа да мерейтойлық төсбелгілермен, алғыс хаттармен, грамоталармен марапатталды. Білім мен ғылымға адал қызмет етіп, қоғам игілігі үшін еңбектеніп жүрген Ш.Махмудова – өз ісіне берілген, көпке үлгі болатын тұлға. Оның өмір жолы мен еңбегі – жас буын үшін табандылықтың, білімге құштарлықтың, елге деген адал қызметтің жарқын үлгісі.

Бибігүл САРБАЛИНА,
Политехникалық институт
директорының орынбасары,
техника ғылымдарының кандидаты

Университетпен үндес өмір жолы



«Цифрлық экономика және тұрақты даму» институтының доценті, экономика ғылымдарының кандидаты Айжамал Айдаралиева – саналы ғұмырын білім мен ғылым саласына арнаған тәжірибелі маман.

дірілуіне және ғылыми бағыттардың нығаюына елеулі үлес қосты.

Тәжірибелі ұстаз ретінде Айжамал Әлібайқызы жылдар бойы студенттерге сапалы білім беріп, олардың кәсіби деңгейде қалыптасуына үлкен ықпал етіп келеді. Ол «Статистика», «Коммерциялық банкердің қаржылық талдауы», «Кәсіби табыстылық менеджменті» пәндерін жүргізіп, болашақ мамандардың теориялық білімін тәжірибемен ұштастыра білуіне ерекше көңіл бөледі. Ғалымның ғылыми қызығушылықтары цифрландыру, агроөнеркәсіптік кешеннің дамуы, еңбек нарығы және экономикалық басқару мәселелерімен байланысты. Осы бағыттардағы көптеген ғылыми мақалалар мен еңбектердің авторы.

Ғалым өзінің кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіріп, халықаралық білім беру бағдарламалары мен ғылыми тағылымдамаларға белсенді қатысып келеді. 2024 жылы Германиядағы Weihenstephan-Triesdorf қолданбалы ғылымдар университетінде «Болашақ» халықаралық бағдарламасы аясында ғылыми тағылымдамадан өтіп, тәжірибе алмасып қайтты. Көп жылғы адал еңбегі мен білім беру саласын дамытуға қосқан үлесі ескерусіз қалмаған А.Айдаралиева «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісін, «ЖОО үздігі» белгісін, «Университет ардагері» медалін және басқа да марапаттарды иеленді.

Білікті ғалым, тәжірибелі педагог әрі ұжым арасында үлкен құрметке

ие тұлғаның кәсіби шеберлігі, ұйымдастырушылық қабілеті мен адамгершілік қасиеттері әріптестері мен студенттері үшін әрдайым үлгі. Әріптестерінің айтуынша, ол – кәсіби білімді, талапшыл әрі әділ ұстаз. Ол әрқашан ұжымға қолдау көрсетіп, жас оқытушыларға бағыт-бағдар беріп отырады. Оның жетекшілігімен білім алған көптеген түлектер бүгінде мемлекеттік қызметте, бизнес құрылымдарында және ғылым саласында табысты еңбек етуде. Айжамал Әлібайқызының өмір жолы – жас ұрпаққа өнеге, ал еңбегі – университет тарихының маңызды бөлігі болып қала бермек.

Әріптесіміздің мәдениет-тілігі, байсалдылығы мен табиғи жарасымы әрдайым айналасындағыларға ерекше әсер қалдырады. Көпшілік оны тек білікті маман ретінде ғана емес, талғампаздығы мен нәзік болмысын сақтай білген, өзінің жарасымды келбетін жоғалтпаған жан ретінде ерекше құрметтейді. Берекелі отбасының шамшырағы, ардақты ана бүгінде мерейлі 60 жастың аскарын бағындырды. Ол өмірлік қосағымен бірге үш перзент тәрбиелеп өсіріп, оларға сапалы білім мен жақсы тәрбие берді. Бүгінде балалары өмірдегі өз жолдарын тауып, абыройлы еңбек етуде. Ал төрт тәтті немересінің шаттығы – сүйікті әжелерінің өміріндегі ең үлкен қуаныштардың бірі.

Айжан ЫБЫЖАНОВА
Цифрлық экономика және
тұрақты даму институтының
директоры, доцент

Арулар – біздің мақтанышымыз!



Университет қабырғасында білім алып жүрген нәзік жандардың ролі өте жоғары. Қыздар білім алумен ғана шектелмей, қоғамның дамуына үлкен үлес қосып келеді.

Университеттегі қыздар – болашақ маман, білікті қызметкер, әрі елдің болашағын тәрбиелейтін ана. Студент қыздар білімге құштар, белсенді және өз мақсаттарына жетуге талпынады. Олар түрлі ғылыми жобаларға қатысып, қоғамдық жұмыстарда да белсенді. Сонымен қатар университет өмірінде мәдени іс-шараларға, спорттық жарыстарға қатысып, өз қабілеттерін көрсетеді.

Нәзік жандардың тағы бір ерекшелігі – жауапкершілігі мен еңбекқорлығы. Көптеген арулар сабақты жақсы оқып, жоғары нәтижелерге жетіп жатады. Олар өздерінің табандылығы арқылы болашақта жақсы маман болуға ұмтылады. Тек білім алып қана қоймай, өзара достық қарым-қатынас орнатып, бір-біріне қолдау көрсетеді. Осындай ортада тұлға ретінде қалыптасып, өмірлік тәжірибе жинайды.

Университеттегі нәзік жандар – қоғамның маңызды бөлігі. Білімді, тәрбиелі және мақсатшыл бойжеткендер еліміздің дамуына үлкен үлес қосатыны сөзсіз. Мен де солардың бірі болатыныма қуаныштымын.

Ризат СҰЛТАНИЯРОВА,
«Алғашқы әскери даярлық және дене шынықтыру» ББ
1-курс студенті

Наурыз мейрамының сіз үшін маңызы қандай?

Ұлыстың ұлы күніне орай университет оқытушылары мен студенттері арасында сауалнама жүргіздік. Негізгі мақсатымыз – ұлттық мерекенің олар үшін маңызын анықтау. Сонымен қатар жыл өткен сайын ерекше салтанатпен, жаңа мазмұнмен түрлене түскен Наурыздың әр отбасы үшін орны бөлек мереке екенін еске салу. Сауалнамаға қатысушылар өздерінің жүрекжарды тілектерін де білдірді.



Мәншүк САБЫРҒАЛИЕВА,
Гуманитарлық, спорттық және әскери даярлық факультетінің аға оқытушысы:

– Мен үшін Наурыз мейрамы – жаңару мен жақсылықтың бастауы. Бұл күні адамдар бір-бірінен кешірім жасап, татулық пен бірлікті нығайтады. Жыл басы – Наурыз айында табиғат та жаңарып, ерекше көңіл күй сыйлайды. Сондықтан бұл – үміт пен қуанышқа толы маңызды мереке. Біздің отбасымызда Наурыз мейрамында дастарқан жайылып, ұлттық тағамдар дайындалады. Әрине, Наурыз көже пісіреміз. Туыстар мен көршілер қонаққа келіп, бір-бірімізге жақсы тілектер айтамыз. Ұлттық ойындар ойнаймыз. Үлкендердің батасын аламыз.

Наурыз мейрамы баршаңызға құтты болсын! Әр шаңыраққа бақ-береке, денсаулық, молшылық тілеймін. Күн мен түннің теңесуімен тұспа-тұс келетін жаңа жылымыз әр адамға қуаныш, табыс және бейбітшілік әкелсін.

Мен үшін Наурыз – ұлттық құндылықтарымызды терең сезінетін маңызды мереке. Бұл күні халқымыздың салт-дәстүрлері жаңғырып, адамдар бір-біріне құрмет көрсетіп, татулықты нығайтады. Сонымен қатар, ол жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын ерекше кезең. Біздің отбасымызда Наурыз мейрамы ерекше атап өтіледі. Біз дастархан жайып, наурыз көже дайындаймыз, туыстармен жиналып, бір-бірімізге жақсы тілектер айтамыз. Үлкендерден бата алып, ұлттық ойындар ойнап, мерекені көтеріңкі көңіл-күймен қарсы аламыз.

Наурыз мейрамы баршаңызға құтты болсын! Елімізде тыныштық, халқымызда бірлік болсын. Әр үйге қуаныш, береке мен молшылық тілеймін. Жаңа жыл әрқайсымызға тек жақсылық әкелсін!



Томирис ЖУМАЛИЕВА,
Цифрлық экономика және тұрақты даму институтының 1-курс студенті («Қаржылық аналитика»):

Жаннұр ТӨЛЕГЕН,

Индустриалды-технологиялық институтының 3-курс студенті («Жерге орналастыру»):

Наурыз – мен үшін ерекше қадірлі әрі мағынасы терең ұлттық мереке. Бұл – көктемнің келуін, табиғаттың жаңаруын білдіретін, адамдар бір-біріне ақ тілектерін айтып, өкпе-ренішті ұмытып, татулық пен бірлікті дәріптейтін, халқымыздың ғасырлар бойы сақталып келе жатқан ұлттық мейрамы. Бұл күні үлкенге құрмет көрсетіліп, кішіге қамқорлық жасалады, адамдар бір-бірімен көрісіп, жақсылыққа ниет етеді. Осындай құндылықтар мен дәстүрлер халқымыздың кең пейілді, мейірімді әрі бірлікке жақын екенін көрсетеді. Жалпы бұл мерекенің барша қазақ халқы үшін де маңызы зор деп білемін.

Мен өзім Атырау облысынанмын, отбасында ұлттық тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді бойыма сіңіріп өстім. Ауылдағы қарапайым әрі тәрбиелік мәні зор өмір адамның мінезін қалыптастырып, ұлттық құндылықтарды терең түсінуге үйретеді деп ойлаймын. Наурыз мейрамы келгенде біздің үйде ерекше дайындық басталады. Анамыз ұлттық тағамдар дайындап, дастарханға береке әкелетін наурыз көже әзірлейді. Отбасымызбен бірге дастархан басына жиналып,



қара шаңырақтағы ақ жаулықты асыл әжеміздің батасын алып, бір-бірімізге ақ тілектерімізді айтамыз. Көрші-қолаңмен амандасып, мерекелік көңіл күймен бөлісу де – біздің игі дәстүріміздің бірі. Осындай сәттерде отбасылық жылулық пен бірліктің ерекше сезілетіні рас.

Баршаңызды Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Елімізде әрдайым тыныштық пен бірлік орнап, халқымыздың мерейі үстем болсын. Ұлттық құндылықтарымыз дәріптеліп, салт-дәстүріміз ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса берсін деп тілеймін.

Студенттер үйінің арулары сынға түсті

Көктемнің шуағымен қатар келетін Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай №2 студенттер үйінде ерекше байқау өтті.

Студенттер үйінің әкімгері Гүлжан Айшеваның қолдауымен аруларға арнап ұйымдастырылған мерекелік кеш нәзік жандардың сұлулығы мен өнерін дәріптеп, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Байқауға студенттер үйіндегі әр қабаттан сұлу да сымбатты төрт ару қатысып, өздерінің өнері мен таланты арқылы көпшіліктің ықыласына бөленді. Кеш барысында студенттер

үйінің белсенді жастары сахна төріне шығып, мерекелік бағдарламаны жандандыра түсті. Әр қабаттың жанкүйерлері өз үміткерлеріне арнайы дайындаған ұнпарақтарымен келіп, қолдау көрсетіп, залда әсерлі көрініс қалыптастырды.

Кештің көркін гитараның әсем үнімен орындалған әсерлі әуендер, ұлттық нақыштағы би және көрермендерді күлкіге бөлеген көңілді пародиялар айшықтай түсті. Сонымен қатар қызықты ойындар да кештің шырайын арттырып, мереке иелері түрлі сыйлықтарға ие болып, көңілді мейрам одан әрі жандана түсті. Ал байқауға



қатысушылар өздерінің жан-жақты қабілеттерін көрсете білді. Олар сахнада өнерлерін ортаға салып қана қоймай, ұлттық дәстүрді дәріптеп қамыр жайып, дәмді тағамдар әзірлеп әкелді. Сондай-ақ қолөнерге бейімділіктерін байқатып, өз қолдарымен жасаған сән үлгілерін көпшілік назарына ұсынып, подиумда ерекше сән көрсетілімін көрсетті.

Шара соңында жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталып, бұл кеш барлық қатысушылар мен көрермендердің жүрегінде жарқын әсер қалдырды. Қазылар алқасының әділ бағасымен байқау қорытындысы бойынша Зарина Валерийқызы (НВПиФК-25-

03, 3-қабаттан) I орынды иеленсе, бас жүлдені Асыл Ереева (НВПиФК-25-02, 4-қабаттан) жеңіп алды. Ал Сабина Сағынтай (ГМ-25-05, 2-қабаттан) II орынға лайық деп танылса, Құлпынай Шектібай (ПЭ-25-03, 5-қабаттан) III орынды қанжығасына байлады. Әр үміткер өз еңбектерімен алған жүлделеріне қуана тарқасты. Осындай тағлымды әрі көңілді іс-шаралар студенттік өмірдің ажарын ашып, достық пен бірлікті нығайта түсері сөзсіз.

Фарида НАУРЫЗОВА,
№2 студенттер үйінің төрайымы,
ЛД-23-01 тобының студенті



Меншік иесі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті.
Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ
баспасөз хатшысы
Ләззат ҚАЖЫМОВА

Компьютерде беттеуші және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың баспасөз қызметінде теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 597 Қолжазба авторға қайтарылмайды. Деректердің нақтылығына автор жауапты.

Мақаладағы

Баспасөз қызметінің мекенжайы:

090009, Орал қаласы,
Жәңгір хан көшесі, 51.
Бас ғимарат 231-бөлме
1-42
info_zkatu@mail.ru